

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«Қылмыстық саясатты дамыту теориясы мен тәжірибесі»
Халықаралық ғылыми-практикалық дөңгелек үстел
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международного научно-практического круглого стола
«Теория и практика развития уголовной политики»**

**PROCEEDINGS
of the International scientific and practical round table
«Theory and practice of criminal policy development»**

**Астана
2024**

УДК 343.2/.7
ББК 67.408
К83

сборник конференций

В выпускаемый сборник вошли материалы международного круглого стола «ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА РАЗВИТИЯ УГОЛОВНОЙ ПОЛИТИКИ» (29 января 2024 года, Астана, Казахстан). - Астана: Изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2024. - 208 с.

ISBN 978-601-337-965-4

В сборнике международного научно-практического круглого стола на тему «Теория и практика развития уголовной политики» освещены вопросы совершенствования уголовной политики РК в свете регулирования правовых норм по модернизации и оптимизации уголовного, уголовно-процессуального и уголовно-исполнительного законодательства и осуществления правоприменительной деятельности эффективными процессами обеспечения прав и свобод человека, гражданина и личности.

Сборник сформирован статьями магистрантов и студентов кафедры уголовно-правовых дисциплин юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, обучающимися по ОП 7М04204 – «Судебная власть и уголовная юстиция», 7М04209 – «Судебная экспертиза», 6В04204 – «Судебно-прокурорская и следственно-криминалистическая деятельность» и магистрантов Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре РК, Академии государственного управления при Президенте РК, а также статьями магистрантов Тюменского государственного университета (РФ, Тюмень).

Публикуемые материалы предоставлены авторской редакцией.

© ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2024

/ В.Н. Крюков, Б.А. Саркисян, В.Э. Янковский и др. — Новосибирск: Наука, 2001.

6. Диагностикум причин смерти при механических повреждениях. Т.7: / В.Н. Крюков, Б.А. Саркисян, В.Э. Янковский и др. — Новосибирск: Наука, 2001.

7. Судебная медицина / под ред. В.Н. Крюкова. - М., 1998.

8. Судебная медицина: Руководство / В.В. Хохлов, Л.Е. Кузнецов - Смоленск, 1998.

9. Судебная медицина / под ред. В.В.Томилина - М.: М-Норма, 1996.

10. Построение судебно-медицинского диагноза, клинкоанатомического эпикриза и алгоритмы экспертной диагностики повреждений / Б.А. Саркисян, В.Э. Янковский, А.И. Зорькин и др.- Барнаул, 2003.

УДК 343.98

Ками Салтанат Шыңғысқызы

*Л.Н. Гумилов атындағы Еуразия ұлттық университетінің
қылмыстық құқықтық пәндер кафедрасының 2-курс магистранты
Научный руководитель - к.ю.н., профессор Сембекова Б.Р.*

ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ КЕЗІНДЕГІ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМАЛАР

Андатпа. Ғылыми мақала жеке адамға бағытталған қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру кезінде криминалистикалық сараптамалардың қорытындыларының маңыздылығына арналған. Сонымен қатар криминалистикалық сараптамалардың қылмыстық істің мән-жайларын анықтауда және дәлелдемелердің қамтамасыз етілуіне әсер ететіндігі жазылған. Аталған сараптамалардың жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексерудің дұрыс, толық әрі объективті өткізілуін атай отырып, олардың тиімді заманауи тәжірибе мен әдістерге сай жақсаруының маңыздылығы айтылған.

Түйін сөздер: криминалистика, сот сараптамасы, арнайы ғылыми білімдер, тергеп-тексеру, қылмыс, дәлелдеме.

Қазіргі таңда жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құқықтық статистикаға сәйкес ең жиі кездесетін құқық бұзушылықтардың бірі. Олардың көптігі сапалы әрі объективті тергеп-тексеруді қажет етеді. Осыған байланысты аталған құқық бұзушылықтардың мән-жайын анықтау кезінде криминалистикалық сараптамалардың қорытындылары үлкен рөл атқарады.

Сот сараптамасы жаңа дәлелдемелерді алу және қолда бар дәлелдемелердің тексеруінің процессуалдық формасы болып табылады. Тергеу органдары қылмыстық істерді тергеу барысында ақпаратты растау үшін сот сараптамасына жүгінеді.

Жалпы айтқанда, сот сараптамаларын сарапшылар арнайы ғылыми білімдерге негізделіп жүргізеді. Сот сараптамалары бірнеше санаттарға бөлінеді, соның бірі криминалистикалық сараптамалар. Олар дәстүрлі және дәстүрлі емес сараптамалар деп бөлінеді.

Криминалистикалық сараптамалар жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарда тергеп-тексеру кезінде кең қолданылады. Сол себепті уақыт талабына сай сараптаманы өткізу әдістемесі, үрдісі әрі құрал-жабдықтар мен техника міндетті түрде жақсаруы тиіс.

Криминалистикалық сараптамалар әсіресе жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру кезінде арнайы ғылыми білімді қажет ететін мән-жайларды анықтай алады. Сол себепті криминалистикалық сараптаманы жүзеге асыратын сарапшы бұл істе және оның қатысушыларынан тәуелсіз болуы тиіс.

Криминалистикалық сараптамалар қылмыстық іс жүргізудегі қажеттілігіне байланысты оның таптырмас бөлігі болып саналады. Өйткені, қылмыстық іс жүргізуде ең бастысы оқиғаның мән-жайын анықтайтын мәселелердің шешілуі болып табылады. Криминалистикалық сараптамалар тергеу органдары белгілі бір қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретінде әрекет ететін заттай материалдарды зерттеу үшін қолданатын тиімді құралдардың бірі болып табылады.

Жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру кезінде криминалистикалық сараптамалардың түрлерінен ең жиі келесілер қолданылады: құжаттардың сот сараптамасы (жазу мен қолтаңба, құжаттардың техникалық сараптаамсы, автортану), сот-портреттік сараптамасы, сот-видеофонографиялық сараптама, сот-фототехникалық сараптама, сот-трасологиялық сараптама, сот-баллистикалық сараптама, заттар мен материалдардың сот сараптамасы.

Әдетте криминалистикалық сараптамалардың шешетін сұрақтары үшке бөлінеді, олар: біліктілік, идентификациялық және диагностикалық. Әрбір сұрақтың шешілетін мәселелердің шеңбері қылмыстық іс жүргізудің оң барысына өте маңызды екенін тәжірибе көрсетті.

Құжаттардың сот сараптамасының ішіндегі жазу мен қолтаңба сараптамасы жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру кезінде жиі қолданылмаса да, ол да дәлелдемелердің қамтамасыз етілуіне маңыздылығы бар. Мысалы, адам өлтіру қылмысы жасалған кезде оқиға болған жерден қандай да бір хат табылуы мүмкін. Осы хатты қайтыс болған адам жазды ма әлде қылмыскер жасаған сахналау болды ма соны сараптаманың қорытындысы ақпарат бере алады. Сонымен қоса, хатты жазған адамның психофизиологиялық күйін анықтауға болады. Демек, құжаттардың сот сараптамасы оқиға орнынан табылған қандай да бір құжаттарды кім және

қандай жағдайда жазылғанын анықтай отырып, қылмыс құрамының бар-жоғына әсер етуі мүмкін.

Сот-портреттік сараптама немесе габитологиялық зерттеу жеке адамға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың жасалуының куәлері болған жағдайда өз қажеттілігін тудырады. Мәселен қылмыстық іс бойынша куә қылмыскердің бет пішінінің көрінісін немесе қандай да бір қасиеттерін фотосурет арқылы сипаттап, ол фотосурет бойынша сараптама жасалады. Аталған сараптаньң қорытындысы қылмыстық іс бойынша тергеу қызметі үшін үлкен ақпарат бере алады.

Келесі басқа жеке адамға қарсы жасалатын қылмыстар бойынша тағайындалатын сараптамалардың бірі – сот-бейнефонографиялық сараптама болып табылады. Егер де қылмыстық іс бойынша жәбірленушіге бағытталған аудио немесе фонограммалар анықталатын болса, сараптама арқылы оны жіберген адамның шамамен жасын, жынысын, ұлтын немесе аудиода айтылған мәтіннің мазмұнын анықтауға болады.

Тағы да криминалистикалық сараптамалардың түрі - сот-трасологиялық сараптама. Бүгінгі күнде тәжірибенің сұрауымен әрбір жеке адамға қарсы жасалатын қылмыстарды тергеп-тексеру барысында міндетті түрде тергеушілер трасологиялық сараптаманы тағайындайды. Трасологиялық зерттеулерді жүргізетін сарапшыларға тергеу көп жүгінетін себебі, қылмыс жасалу барысында трасология объектілеріне кіретін механизмдердің жиі кездесуі. Қылмыскер оқиға болған жерде өзінің бет, қол, саусақ, табан және т.б. іздерін қалдыратындықтан трасологиялық зерттеуді қажет етеді. Аталған сараптаманың қорытындысы оқиға болған жерден табылған қандай да бір адамдардың, жануарлардың, көліктердің және құралдардың іздерінің қылмыстық іс бойынша күдікті болып жатқан адамға тиесілі не тиесілі еместігін анықтауға мүмкіндік береді немесе қылмыстық істің барысына ақпарат бере алады.

Сот-баллистикалық сараптаманың тағайындалуы жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексерумен ұштасады. Әсіресе, қылмыстық іс бойынша қандай да бір атыс қару, оқ дәрілер, газды қару, атылыс іздері және т.б. табылғанда қолданылады. Осы сараптама қорытындысының жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру барысында маңыздылығы заттай дәлелдемелердің жарамды не жарамсыз екенін, қылмыс сараптамаға ұсынылған объектілермен жасалды не жасалмағанын анықтаумен сипатталады.

Қорытындылай келе, криминалистикалық сараптамалардың жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру кезінде үлкен рөл атқаратынына жоғарыда жазылғандармен сипатталады. Кез келген қылмыстық істің дәлелдемелермен қамтамасыз ету қайнар көздердің бірі криминалистикалық сараптамалардың қорытындылары екені сөзсіз анық. Әрбір зерттеу қылмыстық істің объективті, толық және сапалы тергеп-тексеруіне тікелей әсер етеді.

Алайда криминалистикалық сараптамалардың қорытындыларының маңыздылығы айту барысында сараптамаға ұсынылатын объектілердің де сапасын атап өту қажет. Өйткені қорытынды қандай да бір ақпаратты шығару үшін сарапшыға берілген материалдар сапалы әрі жарамды болу керек.

Криминалистикалық сараптамалардың жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеруіне ықпал ететінін ескере отырып, олардың заманауи тәжірибеге сай және қолданылатын құрал-жабдықтар жаңаруы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сот экспертологиясы [Мәтін] : лекциялар курсы / С. Ф. Бычкова А. С. Қалимова Е. С. Бычкова ; [ауд. А. Байдаулетов]... – Алматы : Жеті жарғы, 2006. – 365 б.
2. Судебная экспертиза в международном измерении: Учебное пособие/ И.Э. Никитина, А.Г. Волеводз, В.А. Ализаде; под научюред. А.Г. Волеводза. – М.: Прометей, 2022. – 620 с.
3. Судебная экспертология [Текст] : курс лекций : учебное пособие / С. Ф. Бычкова Е. С. Бычкова А. С. Калимова, ... – Алматы : Жеті жарғы, 2005. – 372 с.
4. Майлис, Н. П. Теория и практика судебной экспертизы в доказывании. Спецкурс : учебное пособие для студентов вузов, обучающихся по направлению подготовки 030900.68 «Юриспруденция» / Н. П. Майлис. — 2-е изд. — Москва : ЮНИТИ-ДАНА, 2019. — 255 с.
5. Марков, В. А. Криминалистические экспертизы (назначение, методика исследования) : монография / В. А. Марков. — Самара : Самарская гуманитарная академия, 2007. — 178 с.

УДК 343.594

Кенесбеков Ерат Маратович

*магистрант 2 года обучения образовательной программы
7М04204 - «Судебная власть и уголовная юстиция»
Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева*

КРИМИНАЛИСТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РАССЛЕДОВАНИЯ КОРЫСТНО-НАСИЛЬСТВЕННЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ

Аннотация. В научной статье автором произведен статистический анализ по корыстно-насильственным преступлениям Республике Казахстан. На основе системно-деятельностного подхода с криминалистических позиций проанализирован комплекс корыстно-насильственных преступлений и разработаны концептуальные основы межвидовой методики их